Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN (Print) 2789-4320. ISSN (Online) 2789-4339

**ЭКОНОМИКА/ ECONOMICS/ ЭКОНОМИКА**

ҒТАМР 06.71.45
https://doi.org/10.32523/2789-4320-2025-4-30-48
Ғылыми мақала

# Әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау – тұрақты экономикалық даму факторы

**Г.К. Андабаева[1], Т.И. Какижанова*[2], А.Ю. Абинова[3]**

*[1,2]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*
*[3]Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан*

*(E-mail: [1]gulmira.andabayeva@kaznu.edu.kz, [2]Tolkyn.Kakizhanova@kaznu.edu.kz, [3]zakerya@mail.ru)*

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты – әйелдер кәсіпкерлігіне мемлекеттік қолдау көрсетудің елдің экономикалық тұрақтылығы мен дамуына ықпалын қарастыру. Әйелдер кәсіпкерлігі жаһандық экономикада маңызды орын алады, себебі сол арқылы жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыру және инновациялық шешімдер енгізу арқылы қоғамның әртүрлі салаларында өзгерістер енгізеді.

Мақалада қолданылған әдістер – салыстырмалы талдау әдістерін пайдалана отырып, экономикаға әсер ететін негізгі факторлар мен олардың арасындағы байланысты анықтау үшін корреляциялық талдау және осы факторлардың Жан басына шаққандағы ЖІӨ-ге әсерін анықтау үшін эконометрикалық модельдер бағаланды. Нәтижелері – зерттеу барысында 2020-2024 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мемлекеттік бағдарламалардың әйелдерге қаржылық, құқықтық және білім беру мен біліктілікті арттыру тұрғысынан көрсететін қолдау механизмдері, сонымен қатар олардың экономикалық тұрақтылықты арттырудағы рөлі талданады. Сондай-ақ, әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың әлеуметтік және гендерлік теңсіздікті төмендетудегі әсері де назарға алынады. Мемлекеттік қолдаудың тиімділігі әйелдердің кәсіпкерлік әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік беріп, елдің экономикалық дамуының тұрақты және ұзақ мерзімді факторына айналады деген тұжырым жасалды. Статистикалық деректерді жинау мен талдау және әйелдер кәсіпкерлігіне мониторинг жүргізудің арқасында нарықтық бағыттардағы да, мемлекеттің саясатындағы да жүйелі өзгерістер туралы қорытындылар жасалды. Қорытындылар – модель барлық нарық субъектілерінің дамуын және қамтуын ынталандыратын Қазақстан Республикасының әйелдер кәсіпкерлігін қолдау экономиканың дамуына әкелетінін растады. Алынған нәтижелер зерттеушілерге, инвестициялық жобаларды ұйымдастырушыларға және мемлекеттік органдардың өкілдеріне пайдасы бар.

**Түйін сөздер:** әйелдер кәсіпкерлігі, мемлекеттік қолдау, экономикалық даму, іскерлік, бизнес.

**Received 29.01.2025. Revised 13.11.2025. Accepted 26.11.2025. Available online 30.12.2025**



**[1]*хат-хабар авторы**

## Кіріспе

Әйелдер кәсіпкерлігі қай елде болмасын экономикалық дамудың маңызды факторларының бірі. Қазіргі уақытта көптеген елдер әйелдер кәсіпкерлігін қолдау арқылы экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету үшін іс-шаралар қабылдауда. Қазақстан да осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізуде. Республикада әйелдердің ел өміріндегі рөлін арттыру үшін жағдай жасауға, қазіргі қазақстандық әйелдің мансап қууына, мемлекеттік және қоғамдық басқаруға белсенді қатысуына үлкен көңіл бөлініп отыр (ҚР Премьер-Министрінің ресми АК, 2023). Мұндай мемлекеттік қолдаулар экономикалық өсуді ынталандырып қана қоймайды, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын ашуды ұйымдастыруға және инновациялық жобаларды дамытуға мүмкіндік береді. Әйелдер кәсіпкерлігінің өркендеуі экономиканың әртүрлі салаларында бәсекеге қабілеттілікті арттырады және елдің тұрақты даму жолында стимулятор ретінде рөл атқарады. Отбасының берекесін ұйытып, бала өсіріп, жар күтетін әйел – ел экономикасына үлес қосу бағытындағы ауқымды жұмыстарда да өте белсенді (Дәуітбай, 2019).

Әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау – қазіргі экономикалық даму контекстінде өзекті мәселе. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесі әйелдерге қаржылық ресурстарға қол жеткізуге көмектеседі, білімдері мен кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға жол ашады. Әйелдер кәсіпкерлігі көп жағдайларда әлеуметтік және мәдени кедергілермен кездесетіндіктен мемлекет тарапынан көрсетілетін арнайы бағдарламалар мен жеңілдіктер олардың бизнесінің сәтті жолға қойылуына ықпал етеді. Сондай-ақ, әйелдер кәсіпкерлігіне мемлекеттік қолдау көрсету арқылы гендерлік теңдікті нығайтуға, жалпы қоғамның әл-ауқатын жақсартуға болады. Сондықтан әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік деңгейде қолдау тек экономикалық көрсеткіштерге ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы тұрақтылық пен әлеуметтік прогреске де әсер етеді деген тұжырым жасауға болады.

## Әдебиетке шолу

Әдебиеттерге шолу барысында әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдауға, экономикалық тиімділігі мен жұмыссыздықты азайтуға және инновацияларды дамытуға әсер ететін, экономикалық дамуға және гендерлік теңдікті нығайтуға ықпалы бар маңызды фактор екенін көруге болады. Көптеген зерттеулерде әйелдерге арналған арнайы қолдау бағдарламалары, әйелдердің кәсіпкерлік мәдениеттегі рөлі (Bullough және басқалары, 2022), гендерлік рөлдері (Correa және басқалары, 2024) мен экономикалық өсуге әсерлері (Rashid пен Ratten, 2020) талданған. Бұдан бөлек, әйелдер кәсіпкерлігі, жаһандық және аймақтық трендтер бойынша «Global Entrepreneurship Monitor (GEM) 2016/17 Women's Report» есебі қарастырылды. Бұл әдебиетте әлемдегі әйелдер кәсіпкерлігінің жағдайы, олардың экономикалық әсері мен мемлекеттік қолдау құралдары талданады (Global Entrepreneurship Monitor, 2017). Әйелдер кәсіпкерлігінің экономикалық өсімге әсерін қарастырып және әйелдердің бизнеске қатысу деңгейі жоғарылаған сайын ұлттық экономиканың дамуына ықпал ететінін атап көрсетіледі (Minniti, 2010). Мемлекеттік қолдау құралдары, әйелдерге арналған қаржылық қолдау шаралары туралы Brush C. G., Carter N. M., Gatewood E. J., Greene P. G., Hart M. M. (Salman және басқалары, 2022), Orser B., Riding A., Manley K. (Orser және басқалары, 2006) сияқты шетелдік зерттеушілер еңбектеріне назар аударылды. Әйелдер кәсіпкерлігін дамытудағы кедергілер мен мүмкіндіктер, соның ішінде гендерлік стереотиптер мен әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына

әсер ететін факторлар Henry C., Foss L., Ahl H. (Henry және басқалары, 2016), сондай-ақ Marlow S., Patton D. зерттелген (Marlow мен Patton, 2005). Ал әйелдер кәсіпкерлігінің экономикалық дамуға әсерін және кәсіпкерлік белсендік туралы Sarfaraz L., Faghih N., Majd A. саралайды (Sarfaraz және басқалары, 2014).

Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау саясаты бойынша Гендерлік экономиканы зерттеу орталығының «Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі: қазіргі жағдайы және даму болашағы» атты 2019 жылғы есебін назарға алуға болады (Сәтпаева, 2019), онда әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бойынша мемлекеттік және жеке бастамалар талданған. Сонымен қатар, Кабдулшарипова А.М., Нурекенова Э.С., Суйеубаева С.Н. және тағы басқа отандық зерттеушілер Қазақстандағы әйелдердің кәсіпкерлікке қатысу белсенділігін, оларға арналған мемлекеттік қолдау бағдарламаларының ерекшеліктерін қарастырады (Кабдулшарипова және басқалары, 2023).

## Зерттеу әдістері

Кәсіпкерлік нарықтық экономиканың маңызды элементі болып табылатындықтан, ол көбінесе мемлекеттің қарқынды дамуына ықпал етеді, көбінесе экономикалық өсу қарқынын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын анықтайды. Сондықтан, мақаладағы шолуға сәйкес әйелдер кәсіпкерлігінің экономикаға, оның ішінде жалпы ұлттық өнімге әсерін анықтау мақсатында, регрессиялық талдау жүргізілді. Бұл зерттеуде негізгі түсіндіруші айнымалы – кәсіпкерлік секторға әйелдердің қатысу деңгейімен қатар, қазіргі таңда кәсіпкерлікке ықпал ететін цифрлық экономика көрсеткіштерінің, 1994-2024 кезеңді қамтитын деректері Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі (ҚРСЖРА ҰСБ, 2024) мен Дүниежүзілік банктің Дүниежүзілік даму көрсеткіштерінен алынған (WDI, 2024). Барлық көрсеткіштердің анықтамалары мен өлшемдері төменде келтірілген (Кесте 1).

**Кесте 1 – Модель айнымалылары мен көздері**

| Айнымалы | Атауы | Анықтамасы | Есептелуі | Дереккөзі |
|---|---|---|---|---|
| GDP | Жан басына шаққандағы ЖІӨ (ағымдағы АҚШ доллары) | Елдің бір жыл ішінде өндірген барлық өнімдері мен қызметтерінің ақшалай құнының халық санына шаққандағы мөлшері. Экономикалық даму деңгейін сипаттайды. | ЖІӨ (ағымдағы АҚШ доллары) / халық саны | ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросы (ҚРСЖРА ҰСБ) |
| FPR | Әйелдердің бизнес секторына қатысу деңгейі (барлығынан %) | Барлық кәсіпкерлер мен бизнес субъектілері ішіндегі әйелдердің үлесі. Гендерлік теңдік пен экономикалық қатысудағы әйелдердің белсенділігін көрсетеді. | (әйелдер кәсіпкерлер саны) / (жалпы кәсіпкерлер саны) × 100% | World Development Indicators (WDI) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ICT | АКТ қызметінің экспорты (ағымдағы АҚШ доллары) | Елдің шетелге сатылған ақпараттық және коммуникациялық технологиялар қызметтерінің жалпы ақшалай құны (мысалы, бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді өңдеу, телекоммуникациялық қызметтер). | АКТ қызметтерінің жалпы экспорты (АҚШ долларымен) | WDI |
| FTD | Тұрақты телефон абоненттік төлемі (100 адамға) | 100 адамға шаққандағы тіркелген (стационарлық) телефон байланысы желісінің пайдаланушыларының саны. Елдің телекоммуникациялық инфрақұрылымының даму деңгейін сипаттайды. | (тұрақты телефон абоненттер саны) / (халық саны)×100% | WDI |
| IUI | Интернетті пайдаланатын адамдар | Ел халқының ішінде интернетті кем дегенде бір рет пайдаланған адамдардың үлесі (%). Цифрлық даму мен ақпараттық қоғам деңгейінің көрсеткіші. | (интернет пайдаланушылар саны) / (жалпы халық саны)×100% | WDI |

Ескертпе: (ҚРСЖРА ҰСБ, 2024), (WDI, 2024) дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған

Әдебиеттерге шолу нәтижелерін ескере отырып, бұл зерттеуде Жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткішінің Қазақстан Республикасының АКТ қызметінің экспорты, Әйелдердің бизнес секторына қатысу деңгейі, Тұрақты телефон абоненттік төлемі, Интернетті пайдаланатын адамдар саны сияқты факторларымен байланысы қарастырылады. GDP келесі 1 теңдеумен анықталады:

$$GDP = f\,(FPR, ICT, FTD, IUI) \qquad (1)$$

Бұл көрсеткіштер макроэкономикалық деңгейде әйелдер кәсіпкерлігі мен цифрлық инфрақұрылымның экономикалық өсуге әсерін талдау үшін қолданылады. Барлық айнымалылар сандық сипатта және халықаралық салыстыруға жарамды, өйткені ақпараттар WDI базасы бойынша анықталған.

Бұл мақалада GDP – тәуелді айнымалы (экономикалық даму деңгейі), ал FPR, ICT, FTD, IUI – тәуелсіз айнымалылар ретінде эконометриялық модельде қолданылады.

Зерттеу моделінің лог-сызықты спецификациясы таңдап алынды, ол модельдің параметрлері икемділікті көрсетеді, қарапайым сызықтық функционалдық формаға қарағанда дәлірек және тиімді нәтиже береді.

Сызықты емес дәрежелік модель құрылымы 2 теңдеуде көрсетілген:

$$LogGDP_t=\beta_0+\beta_1\cdot LogFPR_t+\beta_2\cdot LogICT_t+\beta_3\cdot LogFTD_t+\beta_4\cdot LogIUI_t+\varepsilon_t, \quad (2)$$

мұндағы, Log айнымалылардың натурал логарифмін білдіреді.

Сонымен қатар, зерттеуде қолданылған қосымша әдістерге экономикалық құбылыстар арасындағы жағдайларды анықтау, салыстыру және саралау кезінде қолданылатын экономика-статистикалық, эконометрикалық талдаудың түрлері жатады.

## Нәтижелер және талқылаулар

Дүниежүзінде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, кедейлік деңгейін азайту, инклюзивтілік және гендерлік теңдікті жетілдіру мәселелері көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналғанын көруге болады. Қазақстандағы кәсіпкер әйелдер де экономиканың белсенді бөлігін құрап отыр, алайда олар әлі де гендерлік теңсіздік, қаржылық кедергілер және білім жетіспеушілігі сияқты мәселелерге ұшырауда. Мемлекет тарапынан аталған кедергілердің салдарын азайтуға, тіпті жоюға бағытталған саясаты әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына мол серпін береді.

Регрессиялық талдау барысында жоғарыда аталған айнымалылардың Қазақстан Республикасындағы жан басына шаққандағы ЖІӨ әсері бағаланды (Кесте 2).

**Кесте 2 – Логарифмдік модельді бағалау нәтижелері (1994-2024)**

| Dependent Variable: LogGDP | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *Variable* | *Coefficient* | *Std.Error* | *t-Statistic* | *Prob.* |
| *LOG(FPR)* | *2,027674**** | *0,241001* | *8,413536* | *0,0000* |
| *LOG(FTD)* | *1,235214**** | *0,120336* | *10,26469* | *0,0000* |
| *LOG(ICT2)* | *0,167552**** | *0,020722* | *8,085816* | *0,0000* |
| *LOG(IUI)* | *0,062577**** | *0,011723* | *5,337832* | *0,0000* |
| 1) coefficients are statistically significant at ***1%, **5%, *10% level of significance.<br>2) compiled by the authors | | | | |

Ескертпе: авторлармен құрастырылған

Кесте 2 таңдалған дәрежелік модельдің бағалау нәтижелері көрсетілген. Барлық қарастырылған деректер жан басына шаққандағы ЖІӨ шамасына оң әсер ететінін көрсетеді, коэффициенттер 1% деңгейінде мәнді. Нәтижесінде әйелдердің бизнес секторына қатысу деңгейінің 1%-ға артуы жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің 2,028%-ға өсуіне әкеледі. Ал басқа түсіндіруші айнымалылар яғни АКТ қызметінің экспорты, Тұрақты телефон абоненттік төлемі, Интернетті пайдаланатын адамдар сияқты цифрлық экономиканың көрсеткіштері де тура оң әсер етеді, олардың икемділік коэффициенті сәйкесінше 1,235; 0,168 және 0,063-ке тең.

Зерттеу барысында қолданылған дәрежелік (логарифмдік) регрессиялық модельдің нәтижелері әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы мен цифрлық экономиканың көрсеткіштері Қазақстанның экономикалық өсіміне тікелей және оң әсер ететінін көрсетті. 2-кестеде ұсынылған модельдің барлық коэффициенттері 1% маңыздылық деңгейінде статис-


ISSN: 2789-4320. eISSN: 2789-4339

тикалық тұрғыда мәнді болып шықты, ал детерминация коэффициенті ($R^2$ = 0.81) модельдің жоғары түсіндіру қабілетін дәлелдейді. Бұл көрсеткіш тәуелді айнымалы – жан басына шаққандағы ЖІӨ шамасының 81%-ы зерттеуге енгізілген түсіндіруші айнымалылардың есебінен түсіндірілетінін білдіреді.

Зерттеу нәтижелері келесі бағыттар бойынша егжей-тегжейлі талданды:

1. Әйелдердің бизнес секторына қатысу деңгейі. Модель бойынша әйелдердің кәсіпкерлік сектордағы үлесінің 1%-ға өсуі жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің шамамен 2,028%-ға артуына әкеледі. Бұл жоғары икемділік коэффициенті әйелдер кәсіпкерлігінің ұлттық экономикадағы рөлінің стратегиялық маңызын айқын көрсетеді. Мұндай нәтиже әйелдердің экономикалық белсенділігі артқан сайын жаңа жұмыс орындарының ашылуы, отбасылық кірістердің көбеюі және ішкі тұтыну деңгейінің өсуі есебінен жалпы экономикалық өсімнің жеделдеуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, әйел кәсіпкерлердің басым бөлігі шағын және орта бизнес (ШОБ) секторында жұмыс істейтіндіктен, бұл бағыттағы мемлекеттік қолдау шаралары мультипликативтік әсер береді — яғни аймақтық табыстар мен бюджет түсімдерін де арттырады.

2. Цифрлық экономиканың факторларының әсері. Зерттеу нәтижелері цифрлық экономиканың негізгі индикаторлары – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) қызметінің экспорты, тұрақты телефон абоненттерінің саны, және интернетті пайдаланушылардың үлесі – экономикалық өсімге оң әсер ететінін көрсетті. АКТ қызметінің экспортының икемділік коэффициенті 1,235, бұл көрсеткіш 1%-ға артқанда ЖІӨ шамамен 1,235%-ға өсетінін білдіреді. Бұл ақпараттық технологиялар саласының экспорттық әлеуеті мен оның инновациялық экономикадағы маңыздылығын айқындайды. Тұрақты телефон байланысының абоненттік төлемі ($\beta$=0.168) және интернетті пайдаланушылар үлесі ($\beta$=0.063) де ЖІӨ-ге оң бағыттағы әсер көрсетіп отыр. Бұл көрсеткіштер коммуникациялық инфрақұрылым мен цифрлық қолжетімділіктің экономикалық белсенділікті арттыруда шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Осы нәтижелер Қазақстанда цифрлық экономиканы дамыту әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігімен қатар жүретінін және олардың бір-бірін күшейтетінін көрсетеді. Цифрлық технологиялар бизнес жүргізуді жеңілдетіп, нарыққа шығу мүмкіндігін кеңейтеді және әйелдердің инновациялық кәсіпкерлікке қатысу үлесін арттырады.

Зерттеу нәтижелері бірнеше маңызды бағыттарды айқындайды:

– Біріншіден, әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік деңгейде ынталандыру экономикалық өсімнің жаңа драйвері бола алады. Ол еңбек нарығындағы теңгерімді қамтамасыз етеді және адам капиталының сапасын арттырады.

– Екіншіден, цифрлық инфрақұрылымды дамыту мен цифрлық сауаттылықты арттыру әйелдердің бизнесте инновациялық бағыттарға шығуына мүмкіндік береді.

– Үшіншіден, өңірлік деңгейде «әйелдерге арналған стартап орталықтарын» құру, гранттар мен акселерация бағдарламаларын кеңейту қажет.

– Төртіншіден, экономикалық саясатта цифрлық және гендерлік компоненттердің үйлесімді дамуы елдің ЖІӨ өсімін және әлеуметтік тұрақтылығын арттырады.

Сонымен, эконометрикалық модельдің нәтижелері әйелдер кәсіпкерлігінің дамуы мен цифрлық экономиканың кеңеюі Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуін қамтамасыз ететін негізгі факторлар екенін дәлелдейді. Әйелдердің бизнестегі белсенділігі мен технологиялық инновацияларға қатысуы өндірістік тиімділікті арттырып қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік теңдікті нығайтады және адам капиталының сапасын жақсартады.

Қазақстанда кәсіпкер әйелдердің саны жыл сайын артып келеді, бұл көрсеткіш Қазақстандағы іскер әйелдердің экономикалық белсенділігі мен қоғамдағы рөлінің өскенін көрсетеді. Дегенмен, олардың кәсіпкерлікті дамыту барысындағы кездесетін кедергілері мен мүмкіндіктерін барлық жағынан ескеру маңызды. Осы мәселелерді талқылау барысында әйелдер кәсіпкерлігіне қатысты бірнеше негізгі аспектілерді бөліп көрсетуге болады (3 Кесте).

**Кесте 3 – Әйелдер кәсіпкерлігіне қатысты негізгі аспектілер**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Кәсіпкер әйелдердің рөлі | Экономикалық әсер | әйел кәсіпкерлер экономиканың әртүрлі салаларында белсенді, олар жаңа жұмыс орындарын ашады және экономикалық өсуді қолдайды |
| | | Әлеуметтік әсер | әйелдер кәсіпкерлігі отбасылық жағдайды жақсартуға, білім деңгейін арттыруға және қоғамдағы гендерлік теңдікті ілгерілетуге ықпал етеді |
| 2. | Кедергілер | Қаржылық қолжетімділік | әйел кәсіпкерлер әдетте қаржылық ресурстарға қолжетімділікте қиындықтарға тап болады. Көптеген әйелдер банк несие алуда қиыншылықтарға кезігеді |
| | | Білім және тәжірибе | кәсіпкерлік білім мен тәжірибе жетіспеушілігі кәсіпкер әйелдердің дамуына кедергі келтіреді |
| | | Гендерлік стереотиптер | қоғамда әйелдер мен ерлер кәсіпкерлігіндегі гендерлік теңсіздік стереотиптері бар, бұл әйелдердің кәсіпкерліктегі мүмкіндіктерін шектейді |
| 3. | Мүмкіндіктер | Мемлекеттік қолдау | Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бағдарламалары мен мемлекеттік гранттар бар |
| | | Желілік ұйымдар | әйелдер кәсіпкерлерінің қауымдастықтары мен желілері кәсіпкерлікпен айналысатын әйелдерге тәжірибе алмасуға, білім алу мен ынтымақтастыққа мүмкіндік береді |
| | | Жаңа технологиялар | цифрландыру мен интернеттің дамуы кәсіпкер әйелдерге жаңа нарықтарға шығуға және өнімдерін кең ауқымда ұсынуға мүмкіндік береді |
| 4. | Сала бойынша талдау | Сервис және қызмет көрсету Шағын және орта бизнес | көптеген әйелдер қызмет көрсету саласында жұмыс істейді, оның ішінде сұлулық индустриясы, мейрамханалар, туристік қызметтер |
| | | | әйелдер көбіне шағын және орта кәсіпорындарда жұмыс істейді, бұл оларға нарыққа жылдам бейімделуге мүмкіндік береді |

Ескертпе: (Bullough және басқалары, 2022) дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

2021 жылғы мәліметтер бойынша Қазақстанда 600 мыңға жуық кәсіпкер әйел бар және кейінгі статистикалық мәліметтерге сәйкес шағын және орта кәсіпорындардың 43%-ын әйелдер басқарады. Сондай-ақ осы мерзімде жеке кәсіпкерліктің 77%-ы әйелдерге тиесілі екені және шағын және орта бизнес секторындағы барлық жұмыс орнының шамамен 1/3 бөлігі (1 млн адам) кәсіпкер әйелдердің еншісінде екені көрсетілген (Ашықбаев,

2021). Бүгінде әйелдердің отандық бизнес ортадағы белсенділігі шамамен 50% құрап, еліміздің жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) қалыптасуына 40% үлес қосып отыр (Кемелбекова мен Телман, 2017).

2020-2023 жылдар аралығындағы отандық ішкі өнім көрсеткіштеріне (Сурет 1) қарайтын болсақ, COVID-19 індетінің салдарынан 2020 жылы әлемдік экономикалық дағдарыстың әсері болғанын байқауға болады. Аталған мерзімде ЖІӨ – 171,1 млрд. АҚШ долларын құраған. 2021 жылы бұл көрсеткіш 197 млрд. АҚШ долларына, 2022 жылы – 225 млрд. АҚШ доллары көлемінде болса, 2023 жылы шамамен 262 млрд. АҚШ долларына жеткен, ал 2024 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 10%-ға арттқан.




**Сурет 1 – Қазақстанның ЖІӨ-нің жылдық көрсеткіштері, млрд. доллар**

Ескертпе: (WDI, 2024) дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Мемлекет тарапынан бизнес саласын қолдауға қомақты қаражаттар бөлініп, ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламалар қабылданып жатқанына қарамастан бұл саладағы кемшіліктердің бар екенін ескерген жөн. Сарапшылардың пікірінше мұндай олқылық бөлінген қаражатқа бақылаудың жоқтығы мен нәтижені талап етпеудің салдарынан деген болжам айтады. Мысалы, еліміздегі Іскер әйелдер кеңесі шағын гранттармен қалада да, ауылда да бизнесті көтеру мүмкін емес деген пікірін жеткізген. «Егер мемлекет әйелдер үшін ондаған мың грантқа қандай қаражат жұмсайтынын ел бойынша есептеу керек. Елімізде әр түрлі қолдауға көп қаражат жұмсалады, бірақ оның пайдасы талданбайды немесе нашар зерделенеді» (Атамекен, 2021).

Дегенмен, бизнес ахуалды жақсартуға қатысты қолға алынып жатқан үкіметтік реформалар аз емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халыққа Жолдауында тиімді шағын және орта кәсіпкерлік – елдің экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратын, қала мен ауыл дамуының негізі деп атап өтті. Сондықтан шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы мәселесі елде басымдыққа ие бағыттардың бірі. Республика бойынша 3,3 млн адам шағын және орта бизнес саласында жұмыс істейді (ҚР Ұлттық экономика министрлігі, 2020).

2024 жылғы мәліметтер бойынша ұйымдық-құқықтық нысандар бөлінісінде тіркелген субъектілердің ең көп санын дара кәсіпкерлер – 1,5 млн. бірлікті (67,3%), одан жұмыс істеп тұрғандар1,4 млн. бірлікті (69,7%) құрайды (Сурет 2). Бұл суретте Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санының 2005–2024 жылдар аралығындағы динамикасы көрсетілген. Талдау жасайтын болсақ, 2005 жылы кәсіпкерлік субъектілерінің саны 507,5 мың болса, соңғы 19 жылда бұл көрсеткіш

төрт еседен астам артқан. Дара кәсіпкерлер – Қазақстандағы кәсіпкерліктің ең көп үлесін құрап отыр, ал шағын заңды тұлғалар саны тұрақты түрде өсіп келеді, бұл бизнес-ортада ресми тіркелген кәсіпорындардың артқанын көрсетеді. Ал шаруа және фермер қожалықтарының саны тұрақсыз, яғни ауыл шаруашылығындағы болып жатқан институционалды өзгерістердің әсерінің негізінде құбылмалы. Орта бизнестегі субъектілер санының әлі де болса да аз болуы, шешімді қажет ететін көптеген мәселелердің болуымен байланысты. Жалпы алғанда, Қазақстандағы кәсіпкерліктің негізгі драйвері – дара кәсіпкерлік деп айтуға болады.




**Сурет 2 – 2005-2024 жылдар аралығындағы ұйымдық-құқықтық нысандар бөлісіндегі ШОК субъектілерінің құрылымы, мың бірлікпен**

Ескертпе (ҚР ҰСБ, 2025) дереккөздер негізінде автормен құрастырылған

«Атамекен» ҰКП басты міндеті – бизнестің заңнамалық және өзге нормативтік ережелерін қалыптастыру процесіне барлық кәсіпкерлердің қатыстырылу және кең ауқымды қамтамасыз ету және бизнес мүдделерін және құқықтарын қорғау болып табылады (Атамекен, 2022). Осы аталған ұйымның құқықтық және ақпараттық көмегіне жүгінетін кәсіпкерлер көп. Бұл іс-шаралардың басым көпшілігі Қазақстанда әйел кәсіпкерлерді қолдау және олардың экономикалық белсенділігін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан қабылданған шаралар (Кесте 4). Мұндай қадамдар әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың катализаторы ретінде қызмет етіп, олардың бизнес бастауына және дамытуына жәрдемдеседі. Солардың ең маңыздысы ретінде келесі қолдау бағдарламалары мен бастамаларды атап өтуге болады.

**Кесте 4 – Қазақстанда әйел кәсіпкерлерді қолдау және олардың экономикалық белсенділігін арттыру мақсатында мемлекет тарапынан қабылданған шаралар**

| № | Бағдарлама/ бастама атауы | Мазмұны, мәні, мақсаты |
|---|---|---|
| 1 | «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы | Бағдарлама кәсіпкерлерге, соның ішінде әйелдерге, несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру арқылы қолдау көрсетеді. Бағдарлама шеңберінде әйелдер өз кәсіптерін дамыту үшін жеңілдетілген шарттармен қаржыландыру мүмкіндігін алады |
| 2 | «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бағдарламалары | «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы әйел кәсіпкерлерді қолдау мақсатында арнайы оқыту және бизнес дамыту бағдарламаларын ұйымдастырады. «Іскерлік байланыстар», «Бастау Бизнес» сияқты бағдарламалар әйелдерге бизнестің негіздерін үйретіп, кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға бағытталған |
| 3 | «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары» | Қазақстанда 2021 жылдан бастап Европалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚҚДБ) бірлесіп, бірнеше өңірде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау орталықтары ашылды. Бұл орталықтар әйелдерге бизнесті жоспарлау, қаржыландыру, маркетинг және басқару бойынша кеңестер мен тренингтер ұсынады |
| 4 | «Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі» қоры | қор әйел кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсету мақсатында құрылған. Ол әйелдерге шағын және орта бизнесті бастауға немесе кеңейтуге арналған төмен пайыздық несиелер береді. Сонымен қатар, қор әйелдер үшін бизнес-инкубация бағдарламаларын ұйымдастырады |
| 5 | Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық | Қазақстандағы әйел кәсіпкерлерді қолдауда халықаралық ұйымдармен әріптестік үлкен рөл атқарады. Мысалы, БҰҰ Даму Бағдарламасы (UNDP) және Азия Даму Банкі (ADB) сияқты ұйымдар Қазақстандағы әйелдердің бизнеске қатысуын арттыру үшін арнайы жобаларды жүзеге асыруда |
| 6 | Гранттар және жеңілдетілген несие беру бағдарламалары | Әйелдер үшін арнайы гранттар мен жеңілдетілген несие бағдарламалары бар. Әсіресе ауылдық жерлердегі әйелдерге арналған қолдау шаралары арқылы олар өз кәсіптерін бастауға қажетті қаражат пен кеңестер алады |
| 7 | Инновациялық және цифрлық экономикада әйелдердің қатысуын қолдау | Цифрлық және инновациялық экономикадағы әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға арналған арнайы бағдарламалар да іске қосылған. Бұл бағдарламалар технологиялық және IT саласындағы әйелдердің қатысуын кеңейтуді мақсат етеді |

Ескертпе: (Атамекен, 2022) дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 118,7 мың кәсіпкер әйелге сервистік қолдау көрсетілді. Олар бизнес-процестерді қолдау, бизнес негіздерін оқыту және кәсіби біліктілігін арттыру бойынша тегін мамандандырылған бизнес қызметтерін алды. 2021 жылдың соңында пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бойынша «Даму» аясында кәсіпкер әйелдердің он мыңға жуық жобасы қолдау алды; несиелік кепілдік бойынша 7 мыңға жуық жоба қолдау тапты. 2022 жылы кәсіпкер әйелдер 84 000

ақпараттық қолдау және 17 000-нан астам сервистік қолдау кеңестерін алды. Сондай-ақ Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың 17 орталығы бар. Орталықтар осы күнге дейін 7 мыңнан астам әйелге қызмет көрсеткен». Осы бағдарлама бойынша 2020 жылы 87,6 млрд теңге, 2021 жылы 50,3 млрд теңге, 2022 жылы 47,4 млрд теңге, ал 2023 жылы 41 млрд теңге көлемінде қаржы қарастырылған. Бұл бағдарламалар негізінен шағын және орта бизнесті қолдауға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған (Жас Алаш, 2023).

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бағдарламаларының ішінде «Іскерлік байланыстар» бағдарламасын ерекше атауға болады. Себебі, бұл жоба аясында кәсіпкер әйелдер шетелдерге іссапарға шығу арқылы тәжірибе жинақтап, біліктіліктерін арттырды. Мысалы, «Алтын дала» шаруа қожалығының директоры Майрамгүл Көжебаева Кельн (Германия) қаласында шетелдік тәжірибеден өтіп, басқару саласында менеджмент, маркетинг, кадрлық ерекшелік секілді жаңа даму жолдарының ашылғанын айтады (Атамекен, 2016).

Соңғы жылдары әйелдер кәсіпкерлігіне тұрақты мемлекеттік қолдау көрсетудің нәтижесінде қоғамдағы білім беру, медицина, ғылым мен техника, тамақтандыру мен туризм сияқты маңызды салаларда ілгерілеу байқалады. Жоғарыда аталған бағыттар бойынша әйелдер кәсіпкерлігінің үздік түрлері қалыптасты (Сурет 3).




**Сурет 3 – Әйелдер кәсіпкерлігінің үздік саналатының 5 түрі**

Ескертпе: (Информативный портал, 2024) дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Кәсіпкер әйелдердің басым бөлігі білім саласына ден қойғанын байқауға болады. Бұл кәсіпті балабақша, мектеп және қосымша оқу орталықтарын ашу ісі құрайды. Мысалы, Қазақстанда 2024 жылғы статистикалық деректерге сүйенсек 11 500 мектепке дейінгі мекеме жұмыс істейді, соның 45 пайызын жекеменшік балабақшалар құрайды (Электрондық мектеп, 2024). Әйелдер үздік кәсіпкерлігінің бағыты бойынша екінші орында жеке клиникалармен денсаулық саласы тұр. Аталған бизнес түрлері әйелдердің мамандықтарына икемді әрі қоғам сұранысына сай кәсіп түрлеріне жатады.

Қазақстанда әйелдер кәсіпкерлігін қолдау «Бастау Бизнес», «Бизнестің жол картасы – 2025», «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба (2021-2025)» бағдарламалар арқылы жүзеге асуда. Бұл жобалар нәтижесінде әйелдердің шағын және орта бизнестегі

үлесі 49%-ға жетті (Forbes, 2024). Алайда, бағдарламалардың тиімділігі шектеулі болып отыр. Қолдау шаралары көбіне грант немесе оқу форматында беріледі, бірақ ұзақ мерзімді инвестиция тарту, нарыққа шығу, өнімді экспорттау бойынша нақты механизмдер жеткіліксіз.

Бағдарламалардың табыстылығын бағалау көбіне сандық көрсеткіштерге негізделіп, сапалық әсер (мысалы, тұрақты жұмыс орындары, инновация үлесі, әлеуметтік әсер) ескерілмейді. Сондықтан әйелдер кәсіпкерлігін дамытуда бағдарламаларды қайта форматтап, қаржыландырудан бөлек консультациялық, менторлық және желілік қолдауды күшейту қажет, өйткені ЕО елдерінде әйелдер кәсіпкерлігін қолдау бағдарламалары mentoring мен networking жүйесіне негізделсе, Қазақстанда бұл бағыт әлі қалыптасу кезеңінде.

